

Тұқымның сапасын сараптауды жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 19 мамырдағы N 287 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 11 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2899. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 248-р өкіміне сәйкес **бұйырамын** :

1. Қоса беріліп отырған Тұқымның сапасын сараптауды жүргізу ережесі б е к і т і л с і н .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

"Тұқымның сапасын сараптауды жүргізу ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2004 жылғы 19 мамырдағы N 287
бұйрығымен бекітілген

Тұқымның сапасын сараптауды жүргізу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже тұқымның мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкестігіне сорттық және егістік қасиеттерін айқындау жөніндегі іс-шараларды жүргізудің және сапасы туралы құжаттар берудің шарттары мен тәртібін регламенттейді.

2. Тұқымның сорттық және егістік қасиеттерін сараптауды белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханалар жүзеге асырады.

3. Тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханалар осы Ережемен белгіленген тұқымның сапасын сараптау талаптарын ұстаулары тиіс.

2. Тұқымның сапасын сараптау жөніндегі іс-шараларды жүргізудің және сапасы туралы құжаттар берудің тәртібі

4. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сапасын сараптау қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға сәйкес стандарттармен белгіленген барлық көрсеткіштер бойынша (толық талдау) немесе нормаланатын көрсеткіштердің барлығы бойынша емес (толық емес талдау) жүргізіледі.

5. Тұқымның егістік қасиеттерінің мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкестігін анықтау үшін тұқым партиясынан мемлекеттік стандарттарға сәйкес іріктеп алынған орташа сынаманы зерттейді. Тұқымның сорттық қасиеттері сорттық егістерді тексеру актісімен расталады.

Тек себуге ғана арналған тұқым партиясынан сынамалар іріктеп алуды тұқым өндірушілердің тапсырысы бойынша аттестатталған тұқым сарапшылары және (немесе) аттестатталған тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханаларда тиісті дайындықтан өткен және тиісті қорытындысы бар тұқым өндірушілер (олардың өкілдері) жүргізеді.

Сатуға арналған тұқым партиясынан сынамалар іріктеп алуды тұқым өндірушінің өтініші бойынша тұқым өндіруші өкілінің қатысуымен Ауыл шаруашылығы министрлігінің немесе оның аумақтық органдарының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүргізеді.

Сынамаларды іріктеп алу осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысандағы кесіммен ресімделеді.

Кесім екі данада ресімделеді - бір данасы сынама іріктеп алынған тұқым өндірушіде қалдырылады, екіншісі сынамамен бірге тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханаға жіберіледі.

6. Тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертхана сынамаларды талдау нәтижелеріне байланысты тұқым өндірушіге сапасы туралы құжаттар - тұқымның сапасы туралы куәлік немесе тұқымды талдау нәтижесін, ал тұқымдық картопқа - түйнектік талдау кесімін береді.

7. Тұқымның сапасы туралы куәлік егістік қасиеттері толық талдауға тексерілген және мемлекеттік стандарттардың талаптарына сай тұқым партияларына беріледі. Тұқымның сапасы туралы куәлік осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысанда беріледі.

Талдауын егіске дейін 15 және одан аз күн бұрын (сатуға арналған тұқымнан басқа) - ылғалдылығы мен зиянкестермен жайлануын айқындамастан, жүргізетін тұқымның өнгіштігі орнына өмірге бейімділік нормасын ескере отырып,

жиналатын жылы себуге пайдаланылатын күздік дақылдардың тұқымына тұқымның сапасы туралы куәлік беруге жол беріледі.

8. Салмағы бақылау бірлігінің салмағынан артық тұқым партиясына тұқымның сапасы туралы куәлікті әр бақылау бірлігінен іріктеп алынған орташа сынамаларды талдау нәтижелері негізінде, партияның орташа арифметикалық көрсеткіштері бойынша мына жағдайларда береді:

партиядан іріктеп алынған барлық сынамалардың талдау нәтижелері барлық көрсеткіштер бойынша тұқымның егістік қасиеттерінің тиісті стандартының нормаларына сай;

тұқым партиясы сапасының орташа арифметикалық көрсеткіштері стандарт нормаларына сай, ал бақылау бірліктерінің бір бөлігінің тұқымдары сапасыз, бірақ олардың сапа көрсеткіштері орташа арифметикалықтардан белгіленген жол берілген үйлеспеушіліктерден аспайтын мөлшерге ауытқиды.

Сынамалардың бір бөлігінде қарақүйелік құрылымдардың, қастауыш пен басқа да саңырауқұлақтың қарамықтарының маңызы стандарттармен белгіленген нормалардан екі еседен астам болған жағдайда тұқым партиясына тұқымның сапасы туралы куәлік беруге жол берілмейді.

9. Тұқымның сапасы туралы куәлік күшінің мерзімін былай белгілейді:

8 ай - көкөніс, бақша дақылдарының және жемдік тамыр-жемістілердің бірінші сыныпты тұқымы; 6 ай - екінші сыныпты тұқымы үшін; 12 ай - полиэтилендік қосымшалары бар қаптарға салынған бірінші сыныпты тұқым үшін;

1 жыл - дәндегі жүгерінің тұқымы үшін (дәріленген және қаптарға салынған);

күздік дақылдар егісінің аяғына дейін - күздік дақылдардың тұқымы үшін, егер сапасы туралы куәлік өмірге бейімділігі көрсеткіші бойынша берілсе;

2 ай - кене жайлаған тұқым үшін (кене маңызының нормасы белгіленген ауыл шаруашылығы өсімдіктері бойынша);

4 ай - тұқым қоспаларын қоса басқа ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдары үшін.

Тұқымның сапасы туралы куәлік күшінің мерзімін тұқымды өнгіштігіне талдау аяқталған күннен бастап белгілейді. Тұқымның сапасы туралы құжат өнгіштігін айқындаған күннен бастап 7 күн ішінде беріледі.

Тұқымның сапасы туралы куәлік күшінің мерзімі аяқталғаннан кейін кене жайлаған тұқымнан басқасын тек өнгіштігіне ғана, ал кене жайлаған тұқымды - өнгіштігіне және зиянкестермен жайланғанына тексереді.

Қайталап тексеру құжат күшінің мерзімі аяқталған күнге дейін аяқталуы тиіс.

Егер сапа туралы куәлік өмірге бейімділігі көрсеткіші бойынша берілсе, бірақ

тұқым жинау жылында себу үшін пайдаланылмаса және ауыспалы қорларда қалдырылса, оның күшін жояды және жаңадан тапсырылған сынамалар бойынша өнгіштігін айқындау арқылы толық талдау негізінде сапасы туралы тиісті құжатмен алмастырады.

10. Егер күші мерзімі біткеннен кейін қайтадан талдау кезінде өнгіштік көрсеткіші алдында анықталған сыныпқа сай болса, ал кене жайлаған тұқым үшін жайлану көрсеткіші мемлекеттік стандарт белгілеген нормаға сай болса, тұқымның сапасы туралы куәлік күшінің мерзімі ұзартыла алады. Бұл жағдайда алдында берілген сапа туралы куәлікке қосымша ретінде осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысандағы тұқымды талдау нәтижесі беріледі.

11. Тұқымды талдау нәтижесі егістік қасиеттердің тиісті стандарттарының талаптарына жауап бермейтін тұқым партияларына (оларды толық талдау кезінде), сондай-ақ көрсеткіштердің барлығы бойынша емес тексерілген тұқымдарға (толық емес талдау) беріледі. Тұқымдарды талдау нәтижесі осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысанда беріледі.

12. Салмағы бақылау бірлігінің салмағынан артық тұқым партиясына осы Ережеге 4 және 5-қосымшаға сәйкес нысандардағы тұқымды талдау нәтижесі беріледі.

Осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес тұқымды талдау нәтижесі партияның орташа арифметикалық көрсеткіштері бойынша мына жағдайларда беріледі:
сынамалар толық емес талдауға тексерілген және алынған нәтижелер стандарт нормаларына сай;

барлық сынамаларды талдау нәтижелері стандарттың белгіленген нормаларына сай емес;

сынамалардың бір бөлігінің талдау нәтижелері және партияның орташа арифметикалық көрсеткіштері стандарттың белгіленген нормаларына сай емес.

Осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес тұқымды талдау нәтижесі мына жағдайларда бөлуге жататын әр бақылау бірлігін талдау нәтижесін көрсету арқылы беріледі:

тұқым партиялары қаптарда сақталады, бақылау бірліктерінің бір бөлігінің талдау нәтижелері және партия бойынша орташа арифметикалық көрсеткіштер стандарттың белгіленген нормаларына сай емес, ал сынамалардың бір бөлігі нормаларға сай;

партия бойынша орташа арифметикалық көрсеткіштер егістік қасиеттер стандартының нормаларына сай, ал бақылау бірліктерінің бір бөлігі сапасыз және олардың сапа көрсеткіштері орташа арифметикалықтардан стандарт жол беретіннен артық мөлшерге ауытқиды;

кейбір бақылау бірліктерінде карантиндік арамшөптер және аурулар немесе тірі зиянкестер (оның ішінде маңызы нормаланатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарында 1 кг-на 20 данадан астам кене) табылған.

13. Тұқымдық картоптың партиясына түйнектік талдау кесімі осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысанда беріледі.

14. Қант қызылшасы мен мақта тұқымының сапасы туралы құжаттар қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға сәйкес беріледі.

15. Талдаудан қалған сынама бөлігі ауданда осы дақылдың егісі аяқталғаннан кейін (аудандық статистикалық есепке сай) бір ай ішінде тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханада сақталады.

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін немесе тұқым партиясын қайта талдауға алған жағдайда қалған сынаманы белгіленген тәртіппен тұқым өндірушіге қайтарып береді.

"Тұқымның сапасын сараптауды жүргізу ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2004 жылғы 19 мамырдағы N 287

бұйрығымен бекітілген

Тұқымның сапасын сараптауды

жүргізу ережесіне 1-қосымша

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның Т.А.Ә., аудан, облыс)

тиесілі ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының егістік қасиеттерін айқындау үшін орташа сынамаларды іріктеп алу туралы

N ____ кесім*

Мен, _____ 200__ жылғы _____

(лауазымы, Т.А.Ә.)

(күні, айы)

(өкілдердің ұйымы, лауазымы, Т.А.Ә. - сынамалар сатуға арналған

тұқым партиясынан іріктеп алынған, сондай-ақ таластар туған жағдайларда толтырылады)

катысуымен сақталған тұқымды қарау және _____

_____ сақтаулы партиялардан (бөлімше (бригада), астық қабылдау кәсіпорны және т.б.)

_____ бойынша орташа сынамалар іріктеп алу жүргізілді.

(стандарт нөмірі)

1. Тұқым туралы мәліметтер

Рет N	Атаулары	Рет нөмірі
1	2	3
1.	Ауыл шаруашылығы өсімдігінің түрі	
2 .	С о р т	
3.	Сорт құжатының аты, N және күні	
4.	Сорттық тазалық немесе тектік, %	
5 .	Р е п р о д у к ц и я	
6 .	Е г і н жылы	
7 .	П а р т и я нөмірі	
8 .	П а р т и я салмағы, ц	
9.	Бақылау бірліктерінің нөмірлері	
10 .	Орын (қаптар) саны	
11.	Тұқымды сақтау орыны, қойма нөмірі, қ а м б а	
12.	Тұқым қайдан және қашан алынды	
13 .	Тұқым қалай өңделді	
14.	Партия нешінші рет талданып отыр, соңғы талдаудың күні мен нөмірі	
15.	Дәрілеу жүргізілді ме және қандай п р е п а р а т п е н	
16.	Қандай талдау үшін сынама іріктеп а л ы н д ы	
17 .	Тұқымның мақсаты Тапсырылған сынамалар саны:	
18 .	қ а п ш ы қ т а	
19 .	ш ө л м е к т е	
20 .	п а к е т т е	

2. Сынамалар _____

тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханаға жіберілді.

Сынамаларды іріктеп алған тұлға _____

(Т.А.Ә., қолы)

Өкілдер: _____

(Т.А.Ә., қолы)

Кепілдеме: тұқым партияларын араласудан, ластанудан, өнгіштігі мен басқа да егістік қасиеттерінің төмендеуінен сақтауға, сондай-ақ іріктеп алу кезінде сынамалардың телнұсқауларын сақтауға _____

(занды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның Т.А.Ә.)

Сақтауға жауапты тұлға _____

(Т.А.Ә., қолы)

Бақылау бірліктерін орналастыру сызбасы

*** Ескертпе:** бұл нысан мақта, қант қызылшасы және гүл дақылдарынан басқа ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарына жүреді.

"Тұқымның сапасын сараптауды жүргізу ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің
2004 жылғы 19 мамырдағы N 287

бұйрығымен бекітілген

Тұқымның сапасын сараптауды

жүргізу ережесіне 2-қосымша

N _____ тұқымның сапасы туралы

куәлік

200__ жылғы _____ дейін күші бар
(күні, айы)

(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның Т.А.Ә., аудан, облыс)

_____ сақтаулы

(N __ бөлімше (бригада))

200__ жылғы _____ берілген N _____ кесіммен талдауға тапсырылған
(кү н і , а й ы)

_____ алынған,

_____ репродукциялы, _____ жылғы егіннің

(ауыл шаруашылығы өсімдігі, сорты)

салмағы __ центнер, фракция N __ тұқымының N __ партиясына берілді.

Орын саны (қап) N _____ қойма, N _____ қамба

үйіндіде

Тұқымның мақсаты _____

Тұқымның сапасы _____ сыныпқа сай.
(жазбаша)

Талдау нәтижелері

1. Тазалығы _____ %, оның ішінде _____ %

2. Қалдық, барлығы _____ %, оның ішінде басым топтар _____ %

3. Басқа өсімдіктердің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %) _____

4. Жемдік шөптердің басқа түрлерінің тұқымдары _____ %

5. Басқа екпе өсімдіктердің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %) _____

6. Арамшөптік өсімдіктер тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %), барлығы _____

о н ы ң і ш і н д е :

аса зиянды арамшөп тұқымдары (жемдік шөптер үшін, 1 кг-ға дана) _____

жатаған бидайықтың тұқымдары (1 кг-ға дана) _____

7. Қаракүйелік құрылымдар _____ %

8. Қарамықтар _____ %

9. Өсу қуаты _____ %

10. Өнгіштігі _____ %

оның ішінде қаттылары _____ %

Өсіру жағдайлары _____

11. Өмірге бейімділігі _____ %

Анықтау әдісі _____

12. Себуге жарамдылығы _____ %

13. Ылғалдылығы _____ %

14. 1000 дәннің салмағы _____ г

15. Аурулармен залалдануы (тұқымды талдау кезінде толтырылады:
центрифугалау әдісімен _____ дана, биологиялық әдіспен _____ %)

16. Зиянкестермен жайлануы _____

17. Тұқым сынамаларын сырттай қарау мәліметтері:

түсі _____ қалыпты _____ иісі _____ қалыпты _____

қ а р а й ғ а н к ө г е р г е н

18. Басым түрлердің ботаникалық құрамы:

басқа екпе өсімдіктердің тұқымдары _____

(а т ы)

сорттық өсімдіктердің тұқымдары _____

(а т ы)

19. Басқа анықтамалар: _____

Зертхана меңгерушісі _____
(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

200__ жылғы _____
(күні, айы)

"Тұқымның сапасын сараптауды жүргізу ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2004 жылғы 19 мамырдағы N 287

бұйрығымен бекітілген

Тұқымның сапасын сараптауды жүргізу ережесіне 3-қосымша

N __ тұқымды талдау нәтижесі

200__ жылғы _____ N __ тұқым сапасы туралы куәлікке
(кү н і , а й ы)

қосымша ретінде берілді.

Тұқым сапасы туралы куәліктің күші 200__ жылғы _____
(кү н і , а й ы)

дейін созылды.

1. Өнгіштігі _____ %
2. Өсу қуаты _____ %
3. Зиянкестермен жайлануы _____

(алдында кенелермен жайланған тұқымдар бойынша толтырылады)

Қорытындылар мен ұсыныстар:

Зертхана меңгерушісі _____
(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

200__ жылғы _____
(күні, айы)

"Тұқымның сапасын сараптауды жүргізу ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2004 жылғы 19 мамырдағы N 287

бұйрығымен бекітілген

Тұқымның сапасын сараптауды жүргізу ережесіне 4-қосымша

N ___ тұқымды талдау нәтижесі

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның Т.А.Ә., аудан, облыс) _____ сақтаулы

(N ___ бөлімше (бригада)
200__ жылғы _____ берілген N ___ кесіммен талдауға тапсырылған
(кү н і , а й ы)

_____ алынған,
_____ репродукциялы, _____ жылғы егіннің

(ауыл шаруашылығы өсімдігі, сорты)

салмағы ___ центнер, фракция N ___ тұқымының N ___ партиясына берілді.

Орын саны (қап) N _____ қойма, N _____ қамба
үйіндіде

Тұқымның мақсаты _____

Талдау нәтижелері

1. Тазалығы _____ %, оның ішінде _____ %
2. Қалдық, барлығы _____ %, оның ішінде басым топтар _____ %
3. Басқа өсімдіктердің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %) _____
4. Жемдік шөптердің басқа түрлерінің тұқымдары _____ %
5. Басқа екпе өсімдіктердің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %) _____
6. Арамшөптік өсімдіктер тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %), барлығы _____
о н ы ң і ш і н д е :
аса зиянды арамшөп тұқымдары (жемдік шөптер үшін, 1 кг-ға дана) _____
жатаған бидайықтың тұқымдары (1 кг-ға дана) _____
карантиндік арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана) _____
улы арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана) _____
7. Қаракүйелік құрылымдар _____ %
8. Қарамықтар _____ %
9. Бидай нематодасының беріштері (1 кг-ға дана) _____
10. Өсу қуаты _____ %
11. Өнгіштігі _____ %
оның ішінде қаттылары _____ %
Өсіру жағдайлары _____ %

12. Өмірге бейімділігі _____ %
 Анықтау әдісі _____
13. Ылғалдылығы _____ %
14. 1000 дәннің салмағы _____ г
15. Аурулармен залалдануы (тұқымды талдау кезінде толтырылады:
 центрифугалау әдісімен _____ дана, биологиялық әдіспен _____ %)
16. Зиянкестермен жайлануы _____
17. Тұқым сынамаларын сырттай қарау мәліметтері:
 түсі _____ қалыпты _____ иісі _____ қалыпты _____
 қарайған _____ көгерген _____
18. Басым түрлердің ботаникалық құрамы:
 басқа екпе өсімдіктердің тұқымдары _____
 (а т ы)
 сорттық өсімдіктердің тұқымдары _____
 (а т ы)
19. Басқа анықтамалар: _____

Қорытынды мен ұсыныстар:

Толық немесе толық емес талдау жүргізген кезде:

Тұқымдар мына көрсеткіштер	Талдау кезінде	Стандартпен
бойынша сапасыз	белгілі болды	белгіленгені

Тұқымдар _____ және қайташа толық талдауға жатады
 (өңдеу түрі)

Толық емес талдау жүргізген кезде:

Тұқымдар _____

бойынша стандарттар талаптарына сай.

Зертхана меңгерушісі _____

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

200__ жылғы _____

(күні, айы)

"Тұқымның сапасын сараптауды
 жүргізу ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2004 жылғы 19 мамырдағы N 287

бұйрығымен бекітілген
Тұқымның сапасын сараптауды
жүргізу ережесіне 5-қосымша

N ___ тұқымды талдау нәтижесі

_____ (заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның Т.А.Ә., аудан, облыс)
_____ сақтаулы

(N ___ бөлімше (бригада)

200__ жылғы _____ берілген N ___ кесіммен талдауға тапсырылған
(кү н і , а й ы)
_____ алынған,
_____ репродукциялы, _____ жылғы егіннің

_____ (ауыл шаруашылығы өсімдігі, сорты)
салмағы ___ центнер, фракция N ___ тұқымының N ___ партиясына берілді.

Орын саны _____ (қап) N _____ қойма, N _____ қамба
үйіндіде

Тұқымның мақсаты _____

Талдау нәтижелері

Сапа көрсеткіштері	Орташа					Бөлінуге жататын көрсеткіш
	бақылау бірліктерінің нөмірлері және олардың сапасы					
	1	2	3	4	5	6

1. Тазалығы _____ %, оның ішінде _____ %
2. Қалдық, барлығы _____ %, оның ішінде басым топтар _____ %
3. Басқа өсімдіктердің тұқымдары, (1 кг-ға дана немесе %) _____
4. Жемдік шөптердің басқа түрлерінің тұқымдары, _____ %

5. Басқа екпе өсімдіктердің тұқымдары,
(1 кг-ға дана немесе %)
6. Арамшөптік өсімдіктер тұқымдары,
(1 кг-ға дана немесе %), барлығы
о н ы ң і ш і н д е :
аса зиянды арамшөп тұқымдары,
(жемдік шөптер үшін, 1 кг-ға дана)
жатаған бидайықтың тұқымдары,
(1 кг - ға дан а)
карантиндік арамшөптердің тұқымдары,
(1 кг - ға дан а)
улы арамшөптердің тұқымдары,
(1 кг - ға дан а)
7. Қаракүйелік құрылымдар, %
8. Қ а р а м ы қ т а р , %
9. Бидай нематодасының беріштері,
(1 кг - ға дан а)
10. Ө с у қ у а т ы , %
11. Ө н г і ш т і г і , %
Өсіру жағдайлары _____
12. Өмірге бейімділігі, %
Анықтау әдісі _____
13. Ы л ғ а л д ы л ы ғ ы , %
14. 1000 дәннің салмағы, г
15. Аурулармен залалдануы
(тұқымды талдау кезінде толтырылады:
центрифугалау әдісімен _____ дана,
биологиялық әдіспен _____ %)
16. Зиянкестермен жайлануы _____
17. түсі қ а л ы п т ы
қ а р а й ғ а н
18. иісі қ а л ы п т ы
к ө г е р г е н
19. Басқа анықтамалар: _____

Қорытынды:

Тұқым партиясы біркелкі емес. N _____ бақылау бірліктері
_____ бойынша сапасыз, жалпы партиядан бөлуге
(көрсеткіштер атауы)

және _____ жатады, содан соң барлық партия сапаның
(ө н д е у т ү р і)

барлық көрсеткіштері бойынша тексерілуі тиіс.

Зертхана меңгерушісі _____
(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

200__ жылғы _____
(күні, айы)

"Тұқымның сапасын сараптауды
жүргізу ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2004 жылғы 19 мамырдағы N 287

бұйрығымен бекітілген

Тұқымның сапасын сараптауды

жүргізу ережесіне б-қосымша

Тұқымдық картопты түйнектік талдау

кесімі

200__ жылғы _____
(күні, айы)

_____ берілді.
(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның Т.А.Ә., аудан, облыс)

Комиссия _____
(ұйымы, лауазымы, Т.А.Ә.)

_____ құрамда 200__ жылғы _____
(кү н і , а й ы)

_____ катысуымен
(тұқым өндірушінің атауы, лауазымы, Т.А.Ә.)

_____ сақтаулы,
(б ө л і м ш е (б р и г а д а)

N ____ қоймада, N ____ қамбада (үймеде), N ____ орда орналасқан, сорты _____
_____, көбейту сатысы, категориясы, сыныбы _____

_____, партия салмағы _____ тонна тұқымдық картоптың
түйнектерінің сапасын айқындауды жүргізді.

Талдау нәтижелері

Біріктірілген сынамадағы түйнектер саны _____ дана _____ кг
Аурулармен залалданған түйнектердің саны, барлығы _____ %

_____ дана

о н ы ң

і ш і н д е :

сулы шірікпен _____ дана _____ %
дөңгелек шірікпен _____ дана _____ %
қоңыр бактериялық шірікпен _____ дана _____ %
қара сирақпен _____ дана _____ %
фитофторозбен _____ дана _____ %
кұрғақ шірікпен (фомоз, фузариоз) _____ дана _____ %
сабақтық нематодасымен _____ дана _____ %
кәдімгі немесе күміс тазқотырмен (түйнек бетінің 1/4-тен астамы залалданған жағдайда) _____ дана _____ %
қырбақ тазқотырмен _____ дана _____ %
қызыл шірікпен (түйнек бетінің 1/8-ден 1/4-ке дейін залалдануы) _____ дана _____ %
таттанған теңбілмен және жұмсағының қараюы (түйнек бетінің 1/4-тен астамы залалдануы) _____ дана _____ %
Механикалық және зиянкестермен зақымданған түйнектер саны барлығы _____ дана _____ %

о н ы ң

і ш і н д е :

сымқұртпен зақымданғаны _____ дана _____ %
кеміргіштермен, зауза қоңыздармен, көбелектермен _____ дана _____ %

Т ү й н е к т е р :

тұншығып қалған _____ дана _____ %
үсіп қалған _____ дана _____ %
күйгені бар _____ дана _____ %
кемтар _____ дана _____ %
өсінділері және жеңіл сынатын бұлтықтары бар _____ дана _____ %
езілген және кесілген _____ дана _____ %
қабығы сыдырылған (түйнек бетінің 1/4-тен астамының жалаңаштануы) _____ дана _____ %
түйнектің жартылары және бөліктері _____ дана _____ %

Т ү й н е к т е р д і ң

м ө л ш е р і :

белгіленгеннен кіші _____ дана _____ %
белгіленгеннен үлкен _____ дана _____ %
Жер мен қоспа _____ дана _____ %
Басқа ботаникалық сорттың түйнектері _____ дана _____ %
Одан басқа табылғаны _____

Комиссияның қорытындысы

Комиссия мүшелері: _____

(Т.А.Ә., қолы)

Зертхана меңгерушісі _____

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

200__ жылы _____
(күні, айы)